

«Отбасындағы балалар құқығын сақтау, Қамқорлықтағы балалар»



- ***Әлеуметтік педагог*** – білім беру мекемесінің оқушылардың әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасайтын, оқытушылардың және ата-аналардың ізгілік, тұлғалық бағдарланған тәсілді ұйымдастырып отыратын қызметкер.
- ***Әлеуметтік педагогтың мақсаты*** – оқушыларға психологиялық жайлылық және қауіпсіздік жағдай жасау болып табылады, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық, педагогикалық тетіктерін қанағаттандыру және жағымсыз құбылыстарды отбасында, колледжде, басқа да айналасындағы социумда алдына алуболып табылады.
- ***Әлеуметтік педагогтың негізгі міндетері*** - білім беру мекемесінде оқушыларға әлеуметтік құқықтарын қорғау, дамыту және кәсіптік оқытуға жағдай жасау, отбасымен және мектеп арасында әріптестік қарым-қатынас жасау.



● **Қорғаншылық пен қамқоршылық мақсаты** — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеу болып табылады. Әркениетті қоғам мен мемлекет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көмекке мұқтаж балаларды дер кезінде табуды өзінің алдына басты мақсат етіп қояды. Осы міндеттерді орындау жүктелген арнаулы мемлекеттік органдар — қорғаншылық және қамқоршылық органдары жұмыс істейді. Бұл органдар мұндай балаларды іздеп тауып қана қоймай, оларды орналастыру және олардың тұрмыс жағдайларын бақылау міндеттерін жүзеге асыруы тиіс.

```
graph TD; A[Әлеуметтік педагогтың қамқоршылықтағы оқушылармен жұмыс бағыттары] --> B[диагностикалық бағыт]; A --> C[әлеуметтік-педагогикалық оңалту бағыты]; A --> D[профилактикалық бағыт];
```

Әлеуметтік педагогтың қамқоршылықтағы оқушылармен жұмыс бағыттары

диагностикалық бағыт

әлеуметтік-педагогикалық оңалту бағыты

профилактикалық бағыт

Жасөспірімнің психологиялық қауіпсіздігін не бұзады?

- *баланың санасын жоспарлы түрде сәтсіздікке бағдарлайтын ата-ана, мұғалімдер тарапынан үзілмейтін сын;*
- *баланың достарынан, таныстарынан оқшаулануы;*
- *өте тым қатал ережелер немесе олардың мүлде жоқ болуы;*
- *баланың кемшіліктерін, осал жерін, сыртқы түрін мазаққа айналдыру;*
- *ауызша және ауызша емес бағытталған кемшілігі бар жолдаулар (әсіресе мынадай «сен бізге керек емессің»);*
- *баланы қоршаған ортаның алкогольге және алкогольдік ішімдіктерге деген төзімділігі;*
- *ата-ананың баласымен сөйлесуге уақытының жоқтығы.*

Не қорғайды және нығайтады?

- *бала өзінің отбасында тәуелсіз екенін сезіну үшін ата-ананың баламен сындарлы қарым-қатынасы;*
- *баланың өзіндік сенімін қолдау және оның отбасында бағалымын деген сезімін қолдайтын жолдаулар-ауызша және ауызша емес;*
- *пәс көңіл-күйі үшін жазалаудың орнына жақсы көңіл күйді сыйлаумен ауыстыру («Скиннер жетоны»);*
- *егер ата-ананың әрекеті дұрыс болмаған жағдайда, баладан кешірім сұрай білу шеберлігі;*
- *жасөспірімнің сезіміне және әсеріне шындап көңіл бөлу;*
- *психологиялық әдістерді қолдану:*
- *балаға қосылып оны әсерлі тыңдай білу;*
- *балаға ілесе отырып уақытында баланың психологиялық жағдайының өзгерістерін «құндақтай» білу шеберлігі;*
- *баланы алып жүріп оған қысымшылықсыз пайдалы, игілікпен ықпал ету шеберлігі.*


Баланы топтың және «алаяқ досының» қысымынан қалай қорғануына болатынын үйрету

- *баланы жеке және топтық қысым әдістерін танып айыра білуге үйрету, мақсатымен таныстыру;*
- *бала өзі таңдап талғауға және басқа біреудің шешімін қабылдамауға құқығы бар екеніне сендіру;*
- *егер бала бір хабар айтқысы келсе, оны кейінге қалдырмай және бұл хабарды маңызды деп қабылдау, елемей қоюға болмайды.*

Баланы «артық адам» деген

жасқаншақтықтан қалай арылтуға болады?

- *бала өзінің ата-ана, аға-қарындастарына аса құнды екенін сезіну үшін, отбасында психологиялық жайлылық атмосферасы орнау керек;*
- *баланың әрбір жетістігін кішігірім отбасылық мерекеге айландырып атап өту керек;*
- *баланы өз қалауы бойынша көркем қолөнер кәсібіне, сазды әуенге, сурет салуға немесе қандай да бір қарусыз қорғанудың түріне үйрету (қазақша күрес, немесе шығыс жекпе-жегі);*
- *баланы отбасындағы өзара қызмет көрсету жүйесіне қосу, оған қолынан келетіндей күш жұмсату;*
- *егер бала біреуге залалын тигізсе, оның орнын толтыру үшін балаға жаза қолдану;*
- *баланы әртүрлі шығармашылық әрекеттерге тартып қатыстыру: әдеби үйірме, театр студиясы, экологиялық туризм;*
- *жасөспірімнің идеологиялық кейіпкерді үлгі тұтуына абайлап қарау, баламен дәлелді пікірталас жүргізгенде оған сыймен қарап, оның идеологиялық сеніміне құқығы бар екенін мойындау керек;*
- *өз басыңыздың тәлім тәрбие негізінде, баланың жаман жат қылықтардан босану пайдасына сендіру: шіімді ішпеу, шылым шекпеу, жаман сөз айтпау, боқтау сөздерді қолданбау;*
- *бірқалыпты негізде психологтың көмегін қолдану және оның айтқандарын өзінің тәрбие жүйесінде орындау.*



*Ел болам десең,
бесігіңді түзе.*

*Бақытты болам десең,
үйіңнің тыныштығын
көзіңнің
қарашығындай сақта.*



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!

